



## ДОГОВІР ПРО СПІВПРАЦЮ

між

Некомерційним акціонерним товариством  
«Таразський регіональний університет  
імені М.Х. Дулаті»

та

Державним вищим навчальним закладом  
«Український державний хіміко-  
технологічний університет»

«28» 06 2021 г. № 1

Некомерційне акціонерне товариство «Таразський регіональний університет імені М.Х. Дулаті» (м. Тараз, Республіка Казахстан), далі – «Університет Дулаті», в особі Голови Правління-Ректора Ешенкулова Талгата Ільясовича, що діє на підставі Статуту з одного боку і Державний вищий навчальний заклад «Український державний хіміко-технологічний університет» (м. Дніпро, Україна), в особі ректора Сухого Костянтина Михайловича, який діє на підставі Статуту з іншого боку, далі – Сторони, висловлюючи готовність до співпраці в сфері освіти в напрямі дидактики і наукових досліджень з метою розвитку та популяризації науки та зміцнення взаємовигідного співробітництва між двома вузами, уклали договір про наступне:

### 1. Предмет договору

1.1. Інноваційне, науково-технічне та освітнє співробітництво у реалізації спільних програм досліджень (включаючи контрактні дослідження) та технічного розвитку, включаючи обмін викладачами та науковцями, докторантами, аспірантами, магістрантами та студентами:

- обмін досвідом та результатами роботи в галузі інновацій, науки і техніки та освіти;
- просування та розповсюдження розробок;
- сприяння інтеграції в науково-технічний простір міжнародних наукових та інших організацій, що здійснюють діяльність у галузі освіти, шляхом передачі наукових та освітніх технологій;
- здійснення фундаментальних та



Коммерциялық емес акционерлік қоғам  
«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік  
університеті»

және

Жоғары мемлекеттік оқу орны  
"Украина Мемлекеттік химия-  
технологиялық университеті"  
арасындағы

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ-  
ШАРТ**

«18» 04 2021 г. № 0006

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік університеті Басқарма төрағасы-ректор Ешенқұлов Талғат Ільясұлы тұлғасында бір тараптан және Украина Мемлекеттік химия-технологиялық університеті ректор Сухой Константин Михайлович тұлғасында екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар», ғылымды дамыту және екі жоғары оқу орны арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту мақсатында дидактика және ғылыми зерттеулер саласында, білім беру саласында ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдіре отырып, төменде аталғандар бойынша шарт жасасты:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Оқытушылар мен ғалымдар, докторанттар, аспиранттар, магистранттар және студенттермен алмасуды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің (келісім-шарттық зерттеулерді қоса алғанда) және техникалық әзірлемелердің бірлескен бағдарламаларын іске асыру саласындағы инновациялық, ғылыми-техникалық және білім беру ынтымақтастығы болып табылады:

- қызметтің инновациялық, ғылыми-техникалық және білім беру салаларындағы тәжірибе және жұмыс нәтижелерімен алмасу;
- әзірлемелерді насихаттау және тарату;
- ғылыми және білім беру технологияларының трансфері арқылы білім беру



прикладних досліджень у галузі інновацій, науки та техніки та освіти;

- науково-методичне забезпечення проектів та експертної діяльності;

- розробка інноваційних моделей розвитку додаткової професійної освіти;

- обмін досвідом та результатами у галузі освіти та досліджень;

- здійснення заходів, спрямованих на розвиток інновацій, включаючи патентну діяльність та передачу технологій;

- реалізація міжнародних дослідницьких проектів та грантів з різних джерел фінансування у сферах, що становлять взаємний інтерес;

- підвищити ефективність навчального процесу на основі сучасних технологій та засобів навчання;

- організація наукових стажувань для викладачів, дослідників, докторантів, магістрантів;

- організація та участь у спільних конференціях, семінарах, симпозиумах із залученням зацікавлених партнерів;

- публікація результатів спільних досліджень у вітчизняних та закордонних наукових журналах;

- обмін студентами на різні види навантаження, включаючи навчання та стажування;

- просування інформації про діяльність Сторін;

- Активна співпраця в інших сферах діяльності, погоджених Сторонами.

1.2. Формами спільної діяльності є: симпозиуми, семінари, конференції, круглі столи, курси підвищення кваліфікації та перепідготовки, майстер-класи, професійні стажування, реалізація спільних дослідницьких проектів.

## 2. Форми співпраці

2.1. Сторони зобов'язуються об'єднати зусилля та співпрацювати в галузі освіти, досліджень та інновацій, науково-дослідного та наукоємного бізнесу без створення юридичної особи.

2.2. Сторони мають право вступати в

саласындағы қызметті жүзеге асыратын халықаралық ғылыми және өзге де ұйымдардың ғылыми-техникалық кеңістікке интеграциялануына жәрдемдесу;

- қызметтің инновациялық, ғылыми-техникалық және білім беру салаларында іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру;

- жобаларды және сараптамалық қызметті ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу;

- қосымша кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың инновациялық модельдерін әзірлеу;

- қызметтің Білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында тәжірибе және нәтижелермен алмасу;

- патенттік қызметті және технологиялар трансфертін қоса алғанда, инновацияларды дамытуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

- өзара қызығушылық тудыратын салаларда қаржыландырудың әртүрлі көздері бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары мен гранттарды іске асыру;

- заманауи технологиялар мен оқыту құралдары негізінде білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру;

- оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар үшін ғылыми тағылымдамалар ұйымдастыру;

- мүдделі серіктестерді тарта отырып, бірлескен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар ұйымдастыру және олардың жұмысына қатысу;

- ғылыми зерттеулердің бірлескен нәтижелерін отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жариялау;

- оқу жүктемесінің әртүрлі түрлерін, оның ішінде оқу және өндірістік практикаларды орындау үшін студенттермен алмасу;

- Тараптардың қызметі туралы ақпаратты жылжыту;

- Тараптармен келісілген қызметтің басқа салаларындағы белсенді ынтымақтастық.

1.2. Бірлескен іс-шаралардың нысандары: симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау курстары, мастер-кластар, кәсіби тағылымдамалар, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру болып табылады.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Тараптар оқу, ғылыми және инновациялық қызмет, ғылыми зерттеулер және ғылымды қажетсінетін бизнес саласында заңды тұлға құрмай, өз күштерін біріктіруге және бірлесіп әрекет етуге міндеттенеді.

2.2. Тараптар осы келісім-шарттың 1.1-



правовідносини з третіми сторонами, спрямовані на координацію взаємодії та зусиль Сторін для реалізації цілей, передбачених пунктом 1.1 цієї Угоди.

2.3. Ця угода не покладає фінансових зобов'язань на підписантів.

2.4. Вся діяльність за Договором здійснюється між Сторонами на безоплатній та оплачуваній основі і не підтверджується (або підтверджується) актами виконаної роботи.

2.5. За домовленістю сторін може бути оплачена індивідуальна робота (послуги). У цьому випадку Сторони укладають окрему угоду (контракт) щодо цієї угоди.

2.6. Сторони взаємодіють на принципах добровільності, відкритості та рівності сторін у рамках чинного законодавства.

2.7. Відповідно до цієї Угоди сторони мають право розміщувати рекламно-інформаційні буклети, інформувати ділову спільноту про спільну діяльність Сторін.

2.8. Відповідно до цієї Угоди одна із Сторін без відповідної згоди між Сторонами не матиме права використовувати символи один одного, отримані повноваження з метою отримання матеріальної вигоди.

2.9. Сторони зобов'язуються повідомляти одна одну про здійснення спільної діяльності за цією Угодою.

2.10. Сторони зобов'язуються зберігати конфіденційність інформації, отриманої у зв'язку з виконанням цієї Угоди.

2.11. Сторони не несуть відповідальності за невиконання умов цієї Угоди, спричинене ненаданням однією із Сторін запитуваних документів та (або) інформації.

### **3. Вирішення суперечок**

Сторони вживають усіх заходів для врегулювання суперечок та розбіжностей, які можуть виникнути за цією Угодою, шляхом переговорів та консультацій.

### **4. Право власності на інформацію та результати умовного впровадження**

Кожна Сторона зберігає права інтелектуальної власності, які вона мала до підписання цієї Угоди. Право власності на матеріали, інформацію та результати, отримані під час імплементації цієї Угоди, слід заздалегідь узгодити з учасниками.

тармағында көзделген мақсаттарды іске асыру үшін Тараптардың өзара іс-қимылын және күш-жігерін үйлестіруге бағытталған үшінші тұлғалармен құқықтық қатынастарға түсуге құқылы.

2.3. Осы келісім-шарт оған қол қойған тараптарға қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

2.4. Шарт шеңберіндегі барлық іс-шаралар Тараптар арасында өтеусіз және ақылы негізде жүргізіледі және орындалған жұмыстар актілерімен расталмайды (немесе расталады).

2.5. Тараптардың келісімі бойынша жекелеген жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) ақы төленуі мүмкін. Мұндай жағдайда Тараптар осы келісім-шартқа жеке шарт (келісім-шарт) жасайды.

2.6. Тараптар өзара іс-қимылды қолданыстағы заңнама шеңберінде тараптардың еріктілігі, ашықтығы және тепе-теңдігі қағидаттарында жүзеге асырады.

2.7. Осы Шарттың шеңберінде тараптар өздерінде жарнамалық және ақпараттық буклеттер орналастыруға, іскерлік жұртшылықты Тараптардың бірлескен қызметі туралы хабардар етуге құқылы.

2.8. Осы Шарттың шеңберінде Тараптар арасындағы тиісті шартсыз Тараптардың бірінің материалдық пайда алуы мақсатында бір-бірінің нышандары, алынған беделін пайдалануға құқығы жоқ.

2.9. Тараптар осы Шарт бойынша бірлескен іс-шараларды іске асыру туралы бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.

2.10. Тараптар осы Шартты орындауға байланысты белгілі болған мәліметтердің құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

2.11. Тараптар сұрау салынған құжаттарды және (немесе) ақпаратты Тараптардың бірінің ұсынбауынан туындаған осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

### **3. Дауларды шешу**

Тараптар осы Шарт шеңберінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер мен консультациялар арқылы шешуге барлық шараларды қабылдайды.

### **4. Ақпараттың және шартты іске асыру нәтижелерінің меншігі**

Тараптардың әрқайсысы осы Шартқа қол қою алдында өзінде болған зияткерлік меншік құқығын сақтайды. Осы Шартты іске асыру кезінде алынған материалдарға, ақпаратқа және нәтижелерге меншік құқығы қатысушылармен алдын ала келісілуге тиіс.



## 5. Заключні положення

5.1. Договір набирає чинності з моменту його підписання сторонами та є безстроковим.

5.2. Договір може бути змінений або розірваний у будь-який час за домовленістю сторін. Сторона повідомляє другу Сторону про рішення розірвати контракт офіційним листом не пізніше, ніж за місяць до закінчення строку дії контракту.

5.3. Укладення та надання цієї Угоди не заважає Сторонам укладати інші угоди, а також не виключає можливості таких угод між Сторонами та іншими установами та організаціями у формі, передбаченій пунктом 1.1 цієї Угоди.

5.4. Додаткові угоди до договору складаються в письмовій формі, є його невід'ємними частинами і набувають чинності з моменту підписання сторонами.

## 6. Фінансування

Кожен із учасників нестиме всі витрати, пов'язані з реалізацією та реалізацією спільних проектів відповідно до умов підписаних угод. Витрати, пов'язані з відрядженнями та перебуванням виконавців контракту, несе Сторона, що направляє.

## 7. Інші умови

7.1. Сторони не передаватимуть свої права та обов'язки за цим Договором третім особам без письмової згоди одна одної.

7.2. Вся поточна кореспонденція при виконанні цієї Угоди буде здійснюватися у письмовій формі поштою або електронною поштою.

7.3. Ця Угода укладена у двох примірниках, по одному для кожної зі Сторін, що мають однакову юридичну силу.

## 8. Адреси та підписи сторін

ДВНЗ «Український державний хіміко-технологічний університет»

Проспект Гагаріна, 8

49000, м. Дніпро

Дніпропетровська область, Україна.

Тел./Факс: +38 (056) 746-33-56

Email: rektor@udhtu.edu.ua

Ректор університету

К. Сукий

Дата « 18 » 08 2021 р.

М.П.



## 5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз болып табылады.

5.2. Шарт тараптардың келісімі бойынша кез келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Тарап шартты бұзу шешімі туралы екінші Тарапты шарттың қолданылуы аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей ресми хатпен хабардар етеді.

5.3. Осы Шартты жасасу және ол бойынша қызмет көрсету Тараптардың басқа шарттар жасасуына кедергі болып табылмайды, сондай-ақ Тараптардың басқа мекемелермен және ұйымдармен осы келісім-шарттың 1.1-тармағында көзделген нысан бойынша осындай келісімдерінің мүмкіндігін жоққа шығармайды.

5.4. Шартқа қосымша келісімдер жазбаша нысанда жасалады, оның ажырамас бөліктері болып табылады және тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

## 6. Қаржыландыру

Қатысушылардың әрқайсысы қол қойылатын шарттардың талаптарына сәйкес бірлескен жобаларды орындауға және іске асыруға байланысты барлық шығыстарды көтереді. Шартты орындайтын орындаушылардың іссапарлары мен болуына байланысты шығыстарды жіберуші Тарап көтереді.

## 7. Басқа шарттар

7.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін бір-бірінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

7.2. Осы Шартты іске асыру кезіндегі барлық ағымдағы хат-хабар жазбаша нысанда пошта немесе электрондық пошта арқылы жүзеге асырылатын болады.

7.3. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

## 8. Тараптардың мекенжайлары мен қолдары

Коммерциялық емес акционерлік қоғам «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті»

Қазақстан Республикасы

080012, Тараз қ., Сулейменова көш., 7

Тел.: +7 7262 453664

Факс: +7 7262 432402

Email: [info@tarsu.kz](mailto:info@tarsu.kz)

Басқарма төрағасы-ректор

Т. Ешенқұлов

Күні « 18 » 08 2021 г.

М.О.





Додаток № 1  
ДО ДОГОВОРУ ПРО СПІВПРАЦЮ

між  
Некомерційним акціонерним товариством  
«Таразський регіональний університет  
імені М.Х. Дулаті»

та  
Державним вищим навчальним закладом  
«Український державний хіміко-технологічний  
університет»

Коммерциялық емес акционерлік қоғам  
«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті»  
және

Жоғары мемлекеттік оқу орны  
«Украина Мемлекеттік химия-технологиялық  
університеті»  
арасындағы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТҚА  
№ 1 қосымша

місто Кам'янське, Україна

 2021 р.

Каменское қаласы, Украина

 2021 г.

Стаття 1.

Некомерційне акціонерне товариство «Таразський регіональний університет імені М.Х. Дулаті» (м Тараз, Республіка Казахстан), далі – «Університет Дулаті», в особі в Голови Правління-Ректора Ешенкулова Талгата Ільясовича, що діє на підставі Статуту з одного боку і Відокремлений структурний підрозділ «Дніпровський фаховий коледж інженерії та педагогіки Державного вищого навчального закладу «Український державний хіміко-технологічний університет», в особі директора Бажана Сергія Петровича, що діє на підставі Положення про коледж, з іншого боку, беруть участь у співпраці.

Стаття 2.

Мета співпраці - створити умови для учасників освітнього процесу для навчання, викладання або проведення наукових досліджень в іншому вищому навчальному закладі (науковій установі) за межами України за спеціальностями першого бакалаврського рівня вищої освіти, а саме:

1. Галузь - Освіта. Спеціальність - (шифр спеціальності в Україні - 015) Професійна освіта (Охорона праці).

2. Галузь - Транспорт. Спеціальність - (шифр спеціальності в Україні - 275) Транспортні технології (на автомобільному транспорті).

Стаття 3.

Основними цілями співробітництва є:

- підвищення якості вищої освіти в аспекті реалізації освітніх програм коледжу;

- підвищення ефективності наукових досліджень;

- підвищення конкурентоспроможності випускників на українському і міжнародному ринках освітніх послуг і праці;

- збагачення індивідуального досвіду учасників освітнього процесу до інших моделей створення та поширення знань;

- залучення світового інтелектуального потенціалу у вітчизняний освітній процес на основі двосторонніх і багатосторонніх угод між вузами;

- встановлення внутрішніх і зовнішніх інтеграційних зв'язків;

- гармонізація освітніх програм.

1 бап.

Бұдан әрі «Дулати университеті» деп аталатын «М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы), Жарғының негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы-ректор Ешенқұлов Талғат Ільясұлы және «Украина Мемлекеттік химия-технологиялық университеті «Мемлекеттік жоғары оқу орнының Днепр инженерия және педагогика кәсіптік колледжі» жеке құрылымдық бөлімшесі, колледж туралы ереженің негізінде әрекет ететін директор Сергей Петрович Бажан тұлғасында, екінші жағынан, ынтымақтастыққа қатысады.

2 бап.

Ынтымақтастықтың мақсаты-жоғары білім берудің бірінші бакалавр деңгейіндегі мамандықтар бойынша Украинадан тыс басқа жоғары оқу орнында (ғылыми мекемеде) оқу, оқыту немесе ғылыми зерттеулер жүргізу үшін оқу процесіне қатысушыларға жағдай жасау, атап айтқанда:

1. Сала-Білім. Мамандығы – (Украинадағы мамандық шифры-015) кәсіптік білім (Еңбекті қорғау).

2. Сала-Көлік. Мамандығы - (Украинадағы мамандық шифры-275) көлік технологиялары (автомобиль көлігінде).

3 бап.

Ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары:

- колледждің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру аспектісінде жоғары білім беру сапасын арттыру;

- ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру;

- білім беру қызметтері мен еңбектің украиналық және халықаралық нарықтарындағы түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- білім беру процесіне қатысушылардың жеке тәжірибесін білімді құру мен таратудың басқа модельдеріне байыту;

- жоғары оқу орындары арасындағы екіжақты және көпжақты келісімдер негізінде отандық білім беру процесіне әлемдік зияткерлік әлеуетті тарту;

- ішкі және сыртқы интеграциялық байланыстарды орнату;

- білім беру бағдарламаларын үйлестіру.



Стаття 4.

Основними завданнями співпраці між навчальними закладами є:

- підвищення рівня теоретичної та практичної підготовки студентів коледжу, проведення досліджень з використанням сучасного обладнання і технологій, опанування нових методів дослідження, набуття досвіду проведення науково-дослідницької роботи і впровадження її результатів;

- підвищення рівня володіння іноземними мовами;  
- посилення інтеграції освіти і науки, поглиблення знань національних культур інших країн, а також поширення знань про мову, культуру, освіту і науку України;

- підтримка соціальних, економічних, культурних, політичних взаємин і зв'язків з іншими країнами.

Стаття 5.

Цей Договір не виключає інших форм співпраці, які можуть бути запропоновані для обговорення за ініціативою кожної із Сторін.

Стаття 6.

Цей Додаток до Договору про співпрацю вступає в силу з дати його підписання.

Будь-яка сторона може розірвати цей Договір, подавши власне повідомлення - намір іншій стороні в письмовій формі не пізніше 3 місяців за умови виконання всіх існуючих зобов'язань за умовами договору.

Стаття 7.

Співпрацюючи з цим Договором, Сторони будуть дотримуватися всіх вимог чинного законодавства України та Казахстану.

Додаток до договору складений у двох примірниках українською та казахською мовами.

Відокремлений структурний підрозділ «Дніпровський фаховий коледж інженерії та педагогіки державного вищого навчального закладу «Український державний хіміко-технологічний університет»

Вул.Медична, 10  
51931, Каменське,  
Дніпропетровська область, Україна.  
Тел. / Факс: +38 056 56-07-70  
Email: dndzdik@ukr.net

Директор коледжу

С. Бажан

Дата «18» 06. 2021 г.

МО.

Коток В. А.

4 бап.

Оқу орындары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі міндеттері:

- колледж студенттерінің теориялық және практикалық дайындық деңгейін арттыру, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып зерттеулер жүргізу, зерттеудің жаңа әдістерін игеру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесін алу және оның нәтижелерін енгізу;

- шет тілдерін меңгеру деңгейін арттыру;  
- білім мен ғылымның интеграциясын күшейту, басқа елдердің ұлттық мәдениеттерінің білімін тереңдету, сондай-ақ Украинаның тілі, мәдениеті, білімі мен ғылымы туралы білімді тарату;

- әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси өзара қарым-қатынастарды және басқа елдермен байланыстарды қолдау.

5 бап.

Осы Шарт әрбір Тараптың бастамасы бойынша талқылау үшін ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың басқа да нысандарын жоққа шығармайды.

6 бап.

Ынтымақтастық туралы шартқа осы қосымша оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Кез келген тарап шарттың талаптары бойынша барлық қолданыстағы міндеттемелерді орындау шартымен екінші Тарапқа жазбаша нысанда 3 айдан кешіктірмей өзінің ниет - хабарламасын бере отырып, осы Шартты бұза алады.

7 бап.

Осы Шартпен ынтымақтаса отырып, Тараптар Украина мен Қазақстанның қолданыстағы заңнамасының барлық талаптарын ұстанатын болады.

Келісім украин және қазақ тілдерінде екі данада жасалды.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам «МХ. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті»

Сулейменова көш., 7  
080012, Тараз қ,  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 7262 453664  
Факс: +7 7262 432402  
Email: tampi.io@gmail.com

Басқарма төрағасы-ректор

Т. Ешенқұлов

Күні «18» 06. 2021 г.

МО.

Handwritten signature